

**ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫ ЖАҢАРТЫЛДЫ**

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



**ЖАСТАР НЕГЕ ҮЙЛЕНУГЕ АСЫҚПАЙДЫ?**

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

«Құрылтай басты заң шығарушы орган ретінде барлық бағыт бойынша сабақтастықты және институционалдық дәстүрді сақтап, жылдар бойы қалыптасқан бірегей парламенттік мәдениетті жоғалтпай, оны одан әрі дамытуға баса мән беруге тиіс. Еліміздің жоғары өкілді органы – Құрылтайдың негізгі мақсаты – баршаға бірдей мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құру ісіне атсалысу және осы бағытта белсенді жұмыс істеу. Бір палаталы өкілді орган өзінің заңнамалық миссиясын табысты орындай отырып, қоғамда заң мен тәртіп, еңбексүйгіштік, тазалық, қоршаған ортаны қорғау сынды мызғымас құндылықтарды орнықтыра түсуге барынша ықпал етеді деп сенемін.»

№99 (4997)
Сенбі
22 тамыз
2026 жыл

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT

## МЕКТЕПКЕ ҚАЖЕТТІҢ БӘРІ БАР

Астананың барлық ауданында мектеп жәрмеңкесі ұйымдастырылып жатыр.

Мұнда мектепке қажетті керек-жарақтың бәрін де сатып алуға болады. Жәрмеңкелер мына орындарда жұмыс істейді:

* Сарыарқа ауданы – «Рахмет» СОО, Н.Тілендиев даңғылы, 15;

* Нұра ауданы – «Magnum» супермаркеті, Тұран даңғылы, 55Д; «Era bazary», Қорғалжын тасжолы, 96;

* Алматы ауданы – «Гүлжан» СҮ, Абылай хан даңғылы, 34 және «Астана Молл» СОО, Тәуелсіздік даңғылы, 34;

* Сарайшық ауданы – әр сенбі және жексенбі күндері «Жібек жолы» СОО, А.Байтұрсынов көшесі, 34 және «Damu Mall» СОО, Ж.Нәжімеденов көшесі, 26;

* Байқоңыр ауданы – «Аймақ-тау» СҮ, С.Сейфуллин көшесі, 45/1.

Сонымен қатар елордада әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балаларына қолдау көрсетуге бағытталған «Мейірімді алақан» қайырымдылық акциясы өтіп жатыр. Ірі сауда орталықтарына арнайы жәшік қойылып, қала тұрғындары оған мектепке қажетті заттарын тапсыра алады. Көмек жинауға арналған жәшіктер мына орындарда тұр:

* Нұра ауданы – «Сарыарқа» СОО, Тұран даңғылы, 24;

* Байқоңыр ауданы – «Аймақ-тау» СҮ, С.Сейфуллин көшесі, 45/1;

* Сарайшық ауданы – «Damu Mall» СОО, Ж.Нәжімеденов көшесі, 26;

* Алматы ауданы – «Аружан» СОО, І.Жансүгіров көшесі, 8/1.

## САЙЛАУ КҮНІ ТЕГІН ЖҮРЕДІ

**23 тамыз – Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауы өтетін күні Астана қаласының қоғамдық көлігінде жол жүру тегін. Ол мына бағыттарда қолжетімді:**

- Tarlan Astana жеңіл рельсті көлік жүйесі;
- қалалық бағдарлар;
- экспресс-бағдарлар;
- қала маңы бағдарлары.



8

# КІТАПХАНА ОҚЫРМАНЫ КӨБЕЙГЕН

Елордада кітап оқырмандары көбейе бастады. Бас қаладағы кітапханалардың бәрінде оқырман үшін барлық жағдай жасалуда. Биыл қалалық кітапхана желісінің тұрақты оқырмандарының саны 100 мыңға жетіп қалды. Ал бірқатар кітапхана жұмыс кестесін ұзартып, сағат түнгі 23:00-ге дейін кітап оқуға мүмкіндік жасап отыр.

## ДИАГНОЗДЫ ЖИ АНЫҚТАЙДЫ

Бас қаланың медицина мекемелерінде ЖИ көмегімен диагноз қою уақыты 10 минутқа дейін қысқарды.

Елорданың денсаулық сақтау жүйесіне диагностика дәлдігі мен жеделдігін арттыруға, дәрігерлердің жүктемесін азайтуға бағытталған жасанды интеллект негізіндегі бірқатар шешім енгізілді. Маңызды жобалардың бірі – WDSOFT жасанды интеллект жүйесін қолдану онкологиямен күресудің кешенді жоспары аясында жүзеге асты. Қазір жүйеге ведомствоға бағынысты 19 медицина ұйымы қосылған. WDSOFT жүйесін пайдалану онкология ауруларын ерте кезеңде анықтауға, медициналық кескіндердегі патологияларды жоғары дәлдікпен тануға және диагноз қою уақытын 10 минутқа дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Астанадағы цифрлық медицинадағы тағы бір озық шешім – инсультті автоматты диагностикалауға арналған Cerebra.ai Ltd. компаниясының Cerebra бағдарлама жасақтамасын енгізуі. Жоба пилоттық сынақтан өткеннен кейін елорданың үш инсульт орталығына – №2 ҚКА, №1 көпбейінді қалалық ауруханаға және Көпбейінді медициналық орталыққа енгізу туралы шешім қабылданды.



АҚОРДА



# ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен аса маңызды минералдар, соның ішінде сирек кездесетін металдар саласын дамыту мәселелері жөнінде Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстан ресурс және өндіріс әлеуеті жағынан Орталық Азияда көш бастап тұрғанына назар аударып, мұны мемлекет мүддесіне пайдалану қажеттігін атап өтті.

«Қазба байлығы мол елдер үшін әлемдегі қазіргі ахуал тиімді әрі бірегей мүмкіндіктерге жол ашып отыр» деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент дүние жүзінде аса маңызды материалдарға қол жеткізуде мемлекеттер арасындағы бәсекелестік күшейе түскенін айтты. Бұл бағыт жоғары технологиялық салаларды дамыту тұрғысынан стратегиялық маңызға ие. Осы орайда Қазақстан қолда бар ресурстар мен өнеркәсіп әлеуетін тиімді пайдаланып, өз мүмкіндіктері мен өндіріс тізбегін дәйекті түрде дамытқаны жөн.

Жиын барысында Үкімет мүшелері саланың қазіргі жай-күйі, ресурс қорын игеру перспективасы, қайта өңдеу бағытын дамыту және кедергілер туралы есеп берді.

Отырыс қорытындысы бойынша Үкімет пен тиісті мемлекеттік органдарға саланы дамытуға қатысты жүйелі көзқарас қалыптастыру, реттеу тетіктерін жетілдіру, геологиялық барлау мен өңдеу ісін дамыту, техногенді минералдарды түзілімдерді экономикалық айналымға қосу, зертханалар базасы мен кадрлар құрамын нығайту, сондай-ақ әкімшілік кедергілерді жою жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

# ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Қазақстанда денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру нәтижесінде медициналық қызметтердің қолжетімділігі артып, медицина қызметкерлерінің әкімшілік жүктемесі азайып келеді.

Денсаулық сақтау ресурстарын басқарудың цифрлық платформасына 21,3 мыңнан астам медициналық ұйым, 275 мың медицина қызметкері және 141 мыңнан астам медициналық техника туралы дерек енгізілген. Соның нәтижесінде 2025 жылдың екінші жартысынан бастап медицина қызметкерлерінің әкімшілік жүктемесі 30-40 пайызға төмендеді.

Цифрлық сервистерді халық та кеңінен пайдаланып отыр. 2025 жылы денсаулық сақтау жүйесінде 215 млн-нан астам мемлекеттік қызмет көрсетілсе, оның 190,8 миллионы, яғни 88 пайызы электронды форматта ұсынылған. 8,5 млн-нан астам электронды медициналық анықтама беріліп, 5,6 млн азамат дәрігер қабылдауына онлайн жазылған. Цифрлық кезекті басқару тетіктері кейбір диагностикалық зерттеулерді күту уақытын да қысқартты. Мәселен, ПЭТ/КТ зерттеуіне кезек үш айдан екі аптаға дейін азайған.

Денсаулық жағдайын цифрлық бақылау да кеңейіп келеді. Қазір шамамен 7 млн бала мен 4,3 млн әйел цифрлық мониторингпен қамтылған. Сонымен қатар 3,6 млн-ға жуық адам пациенттерді динамикалық бақылаудың цифрлық жүйесіне енгізілген. Бұл тәсіл аурулардың алдын алуға және тәуекел тобындағы азаматтарды ертерек анықтауға мүмкіндік береді.

Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуде де цифрлық шешімдер тиімділігін көрсетуде. 2025 жылы дәрілерді цифрлық таңбалау арқылы заңсыз айналымдағы 21 мыңнан астам дәрілік өнім анықталды. Ал «Әлеуметтік әмиян» сервисі арқылы 13,8 млн-нан астам цифрлық рецепт берілген. Дәрілік заттарды тіркеу мерзімі де қысқарып, стандартты рәсім 100 жұмыс күніне дейін, жеделдетілген рәсім 15 жұмыс күніне дейін төмендетілді.

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау саласы да цифрлық жүйеге көшуде. Бизнеске арналған ұсынымдарды дайындау мерзімі екі күннен шамамен 15 минутқа дейін қысқарған. Жүйе тәуекелі жоғары нысандарды, рұқсат құжаттарындағы және медициналық тексерулердегі ауытқуларды автоматты түрде анықтайды.

Цифрландыру медициналық қызметтердің қаржылық ашықтығын арттыруға да ықпал етті. 1950 медициналық ұйымда пациенттерді цифрлық сәйкестендіру енгізіліп, қабылдаулардың шамамен 73 пайызы Face ID және электронды құжаттар арқылы жүзеге асырылады. 2025 жылы осы тетіктер 10,6 млрд теңге көлеміндегі негізсіз медициналық қызмет көрсету шығындарының алдын алуға мүмкіндік берген.

Алдағы кезеңде 1,9 мыңнан астам медициналық ұйымды Бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпараттық жүйеге біріктіру жоспарланып отыр. Жүйеде медицина қызметкерлеріне арналған бірыңғай жұмыс интерфейсі мен жасанды интеллект негізіндегі ассистент енгізіледі. Азаматтар үшін дәрігерге жазылу, медициналық құжаттар мен рецепттерге қол жеткізу сияқты сервистерді кеңейту көзделуде.




# ЕРІКТІЛІККЕ – ЕЛДІК ҚОЛДАУ

Мемлекет басшысы БҰҰ Еріктілер бағдарламасының атқарушы үйлестірушісі Тойли Курбановты қабылдады. Кездесуде Президент Қазақстанның волонтерлік бастамаларын дәйекті түрде қолдағаны және Астанада өтіп жатқан ТМД волонтерлер форумына қатысқаны үшін Тойли Курбановқа ризашылығын білдірді.

Президент Қазақстан волонтерлік қозғалысты дамытуға ерекше ден қойып отырғанын атап өтті. Бұған еліміздің 2026 жылды БҰҰ Бас Ассамблеясы тарапынан қолдау тапқан орнықты даму жолындағы Халықаралық еріктілер жылы деп жариялау жөніндегі ұсынысы дәлел бола алады.

– Біз еріктілікті мемлекеттік саясат тұрғысынан алғанда, шынайы патриотизмнің және жастарға көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың көрінісі ретінде қарастырамыз. Менің бастамаммен жаңа Конституцияға волонтерлік қағидалары енгізілді. Онда волонтерлік қызметті ынталандыру алғаш рет конституциялық деңгейде бекітілді, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстанда Халықаралық еріктілер жылы аясында мыңнан астам іс-шара өтуде, елімізде волонтерлер саны 300 мыңға жақындады. Волонтерлік қозғалыстың 2030 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы әзірленіп жатыр. Волонтердің цифрлық паспорты енгізіліп, мемлекеттік қолдау тетіктері мен өңірлік инфрақұрылым жетілдірілуде.



Тойли Курбанов БҰҰ Еріктілер бағдарламасымен жоғары деңгейде ынтымақтастық орнағанына, сондай-ақ Халықаралық еріктілер жылы аясында бірлескен жұмыстардың жолға қойылғанына тоқталып, волонтерлік қозғалысты ілгерілетуге назар аударғаны үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтты.

– Қазақстан – волонтерлік қызмет саласында үлкен биіктерді бағындырған бірегей ел. Қазақстанның Еріктілер жылын жариялау жөніндегі бастамасын 60-тан аса мемлекет қолдады. Сіздер жаһандық тренд қалыптастырып жатырсыздар. «Таза Қазақстан» сияқты қоғамдық акцияларыңыз бірқатар елде үлкен қызығушылық тудыруда, – деді БҰҰ Еріктілер бағдарламасының атқарушы үйлестірушісі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстандағы волонтерлікті дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін Тойли Курбановты II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

ҮКІМЕТ

# ВОКЗАЛДАР ЖАНДАНЫП КЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың теміржол вокзалдары мен олардың инфрақұрылымын абаттандыру жөніндегі тапсырмасын орындау аясында Қазақстанда 124 вокзалды реконструкциялау бойынша ауқымды бағдарлама жүзеге асырылуда.




Жұмыстар вокзал инфрақұрылымын кешенді жаңғыртуды көздейді, олар: ғимараттар мен инженерлік желілерді жаңарту, платформалар мен вокзал маңындағы аумақтарды реконструкциялау, күту залдарын кеңейту, заманауи қауіпсіздік жүйелерін, лифтілер мен көтергіш құрылғыларды орнату, сондай-ақ кедергісіз орта құру. Қатты тозған нысандарда ескі ғимараттар толығымен бұзылып, орнына жаңа жолаушылар кешендері салынды.

2026 жылғы 20 тамыздағы жағдай бойынша Үкімет еліміздің 17 облысында 72 теміржол вокзалын реконструкциялауды аяқтады. Тамыз айының соңына дейін тағы 34 вокзалды пайдалануға беру жоспарлануда, 15 нысанда жұмыстар қыркүйек айының соңына дейін бітеді.

Жалпы алғанда, 2026 жылы 124 вокзалдың 121-ін реконструкциялау жоспарлануда. Тағы үш ірі нысан – Астана, Алматы және Түркістан вокзалдары 2027 жылы аяқталады. Олардың тарихи-архитектуралық құндылығы бар, сондықтан жұмыстар ғимараттардың бастапқы сәулет келбетін сақтауға қойылатын талаптарды ескере отырып, жеке кесте бойынша жүргізілуде.

Вокзалдарды жаңғырту инфрақұрылымды артып келе жатқан жүктемеге бейімдеуге және ірі тораптық стансалармен қатар өңірлерде де жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз етеді. Қабылданып жатқан шаралар теміржол инфрақұрылымының сенімділігін арттыруға, қызмет көрсету сапасын жақсартуға және жолаушылар үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Теміржол тасымалын дамыту және вокзалдарды жаңарту аясында жолаушылар ағынының одан әрі өсуі күтілуде, бұл көлік тораптарына жүктемені арттырады және қызмет көрсетудің заманауи стандарттарын сақтауды талап етеді.

№99 (4997) 22/08/2026 Сенбі

# ГРАНТ ИЕГЕРЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ БЕКІТІЛДІ

2026-2030 жылдарға арналған елорда әкімдігінің мемлекеттік білім беру грантын иеленушілердің тізімі бекітілді.

Тиісті шешім Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 25 тамыздағы №443 бұйрығымен бекітілген «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын тағайындау қағидаларының 25 және 29-тармақтарына сәйкес қабылданды. Шешім жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне 2026-2030 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі комиссия отырысының 2026 жылғы 20 тамыздағы №7 хаттамасы негізінде, еңбек нарығының қажеттілігі ескеріле отырып қабылданды.



# ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ЭКСКУРСИЯ ЖАСАДЫ

Астана қаласы Алматы ауданындағы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының зейнеткерлері Президенттік орталыққа экскурсия жасады. Оларға елорданың маңызды мәдени-тарихи нысаны таныстырылып, залдар мен экспонаттар арқылы ел тарихы жайлы ақпарат берілді.



Мәдени іс-шараны ұйымдастырушы Бақытжан Төлеубаева экскурсиялар аға буын өкілдеріне елорданы жақсырақ тануға және әлеуметтік байланысын кеңейтуге мүмкіндік беретініне тоқталды. Ол топты мәдени және тарихи орындарға жиі апаратынын айтты. Оның ішінде Ұлттық музей, ҚР Тұңғыш Президенті музейі, Әскери музей бар.

Қатысушылар Президенттік орталықтың жәдігерлерін қарап, мемлекеттің қалыптасу кезеңдері туралы мағлұмат алды. Көбі бұл орталыққа алғаш келген, енді олар мұнда қайта келуді көздеп отыр.

Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының ұжымы мәдени және тарихи орындарға баруды өз жұмысының маңызды бағыты деп санайды. Мұндай іс-шаралар зейнеткерлерге белсенді өмір салтын ұстануға, қаланың қоғамдық өміріне араласуға жағдай жасайды.

# ӨРТ ЖАЙЫН ПЫСЫҚТАДЫ

Астананың Нұра ауданындағы тұрғын үй кешендерінің бірінде өрт қауіпсіздігі бойынша оқу-жаттығу өтті. Жаттығу барысында тұрғын үй кешенінің шатырында шартты өрт болған кездегі іс-қимыл алгоритмі пысықталды.

«Құтқарушылар адамдарды эвакуациялау, шартты өртті сөндіру және нысанның инженерлік-техникалық персоналымен өзара іс-қимыл жасау жұмысын орындады» делінген Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің хабарламасында.

Тұрғындар мен персоналды уақытылы хабардар етуге, сондай-ақ шұғыл қызметтердің үйлесімді әрекетіне ерекше назар аударылды. Ал оқу-жаттығу қорытындысы бойынша инженерлік-техникалық персоналмен және тұрғындармен өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау, сондай-ақ төтенше жағдай туындаған кездегі іс-қимыл тәртібі бойынша түсіндіру жұмысы жүргізілді.

# БІЛІМДІ МЫҢДЫ ЖЫҒАДЫ



Бас қаладағы Ақан Құрманов атындағы №17 мектеп-гимназияның 10-сынып оқушысы Аэлита Әділханның ғылыми-зерттеу жұмысы халықаралық Oxford Journal of Student Scholarship студенттік ғылыми журналында жарияланды.

Жас зерттеушінің «Evaluating the Role of Goat Milk Bioactives in Immune Modulation of Seasonal Allergic Rhinitis» атты ғылыми мақаласы маусымдық аллергиялық ринит жағдайындағы ешкі сүтінің биологиялық белсенді компоненттерінің ықтимал әсерін зерттеуге арналған. Зерттеу барысында ешкі сүтінің құрамындағы пептидтер, олигосахаридтер және май қышқылдары секілді биологиялық белсенді заттардың иммундық жүйемен байланысы қарастырылған. Автор олардың иммундық жауапты реттеудегі ықтимал рөлін және маусымдық аллергиялық ринит жағдайындағы әсерін ғылыми тұрғыдан зерделеген.

Аэлита Әділханның мақаласы 2026 жылғы 11 тамызда жарияланған. Зерттеу жұмысына жеке DOI нөмірі берілген.

Жас зерттеушінің халықаралық студенттік ғылыми басылымда мақаласының жарық көруі – оның ғылымға деген қызығушылығы мен зерттеу жүргізу дағдысының нәтижесі.

Астана қаласының білім беру жүйесінде оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытуға, ғылыми жобаларға қатысуына және заманауи ғылым бағыттарын меңгеруіне ерекше мән берілуде. Аэлита Әділханның жетістігі – елордалық оқушылардың ғылыми-зерттеу бағытындағы әлеуетін көрсететін жарқын мысалдардың бірі.

«Арғымақ» ат және ұлттық спорт түрлері клубында елорда тұрғындарына иппотерапия бойынша сабақтар өтеді. Жыл басынан бері бұл қызметті 586 адам пайдаланған.

# ИППОТЕРАПИЯ – ЕРЕКШЕ ЕМ

Мұнда иппотерапия сабақтары 2023 жылдың қазан айынан бері өтіп келеді. Жоба алғашында қанатқақты режимде іске қосылған. Ал алғашқы серіктестерінің бірі ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалтудан тәжірибесі мол «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы болды. Қазір иппотерапия сабақтарына қала тұрғындарымен қатар «Жансая», «Шарапат» және «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының қызмет алушылары да қатысады. Сабақтар дүйсенбі, сәрсенбі және жұма күндері үш ауысымда өтеді. Клубқа иппотерапияға арнайы үйретілген жеті жылқы бекітілген. Ал былтыр иппотерапия сабақтарынан ерекше қажеттіліктері бар 2470 бала өткен.

Клубта мамандардың біліктілігін арттыруға да ерекше мән беріледі. Қызметкерлер үшін иппотерапия әдісі арқылы ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалтуға арналған бес оқу семинары мен үш практикалық сабақ ұйымдастырылды. Сонымен қатар мамандар тиісті сертификаттар алған.

Сабақтарға birge.astana.kz порталы арқылы жазылуға болады. Курс басталмас бұрын әр бала алғашқы медициналық тексеруден өтеді. Оның нәтижесіне қарай мамандар әр балаға жеке оңалту жоспары мен сабаққа қатысу кестесін әзірлейді.



# БАЛАЛАРҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

Астаналық циркте мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған қайырымдылық шарасы өтті, сондай-ақ экскурсия жасалып, атпен серуендеу ұйымдастырылды.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ

Балдырғандар цирк әлемінің ішкі үдерісін көріп, керемет әсерге бөленді. Басты мақсат – оларды қуантып, қоғамға бейімдеп, елдің болашағы – жас ұрпақты қолдап һәм қуаттап, дем беру. Сондай-ақ біздің елде әр баланың өз орны бар екенін ұғындырып, бақытты келешекке қадам басу көзделді. Сонымен қатар «Бақытты шаңырақ» қорының өкілі Марина Ахмедшина өз ой-пікірін білдірді.

– Біз циркке өз тарапымыздан 20 баланы алып келдік. Олар экскурсия жасап, цирк өмірінің тыныс-тіршілігін ұғынып, арнайы өнер көрсетуге бапталған жануарлармен танысып мәз-мейрам болды. Қайырымдылық мақсатында мұндай іс-шаралар ұдайы ұйымдастырылып тұрады. Бұл – бақытты болашаққа жасалып жатқан игі қадам, – деді ол.





Райхан
РАХМЕТОВА

# ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫ ЖАҢАРТЫЛДЫ

Бас қала теміржолының бас қақпасы Астана-1 станциясының вокзалын қайта жаңарту жұмыстары кестеге сәйкес жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда, нысанда шатыр, қасбет, перрон және конкорс өткелін орнату, ішкі әрлеу, сумен, электрмен жабдықтау, кәріз, жылыту, желдету және байланыс жүйелерін монтаждау жұмыстары жалғасын табуда. Барлық жұмыстарды биыл қазан айында аяқтау жоспарланып отыр.

Жаңартудан кейін вокзалдың ауданы 500 шаршы метрге ұлғайып, 8,7 мың шаршы метрді құрайды. Бұл жолаушылар үшін вокзалда болған кездегі жайлылықты арттыруға, өсіп келе жатқан жолаушылар ағынына сай оларға толыққанды қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта қайта құру жұмыстарына 255 маман мен 12 құрылыс техникасы жұмылдырылған.

Негізінен Астана-1 станциясының вокзалы 1990 жылы салынған. Кейінгі жылдары тек ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген. Теміржолшылар жаңартылған соң вокзал заманауи, қауіпсіз және жайлы болады деп отыр. Жолаушыларға ыңғайлы болу үшін жаңа эскалаторлар, лифттер мен көтергіштер орнатылады, пандустар, ана мен бала бөлмелері, санитарлық бөлмелер мен күту аймақтары жабдықталады. Мүмкіндігі шектеулі жолаушылар үшін кедергісіз орта жасалады, тактильді навигация және көру қабілеті нашар адамдарға арналған ақпараттық тақтайшалар орнатылады. Вокзалда заманауи бейнебақылау, өрт дабылы, жолаушыларға хабарлау жүйелері енгізілуде. Жаңа LED-экрандар, дауыстық ақпараттандыру жүйесі орнатылуда, жиһаз және технологиялық жабдықтар жаңартылуда.

Вокзалды жаңарту Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша теміржол инфрақұрылымын жаңғыртудың ауқымды бағдарламасы шеңберінде жүргізіліп жатыр. Жоба елдегі 124 теміржол вокзалын жаңарту бағдарламасына кіреді, оның мақсаты – вокзалдарды заманауи, қауіпсіз, қол жетімді және жолаушылар үшін ыңғайлы ету.

«Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ бағдарламаны Қазақстан Үкіметі, Көлік министрлігі, «Самұрық-Қазына» АҚ және әкімдіктердің қолдауымен өз қаражаты есебінен іске асыруда. Астана-1 станциясының жолаушылар ағыны 2026 жылдың жеті айында 1,8 млн адамнан асты. Оның ішінде 908 мыңнан астамы елордадан жолға шығып, 977 мыңнан астамы Астанаға келді.

ҚР Көлік вице-министрі Жәнібек Тайжанов атап өткендей, теміржол вокзалы – тек пойызға мініп-түсетін орын ғана емес, ол қаланың сәулетіне сән беріп, елді мекеннің кіреберіс қақпасына айналған маңызды нысан. Сондықтан Президенттің тапсырмасына сәйкес 2025 жылы ел бойынша 124 теміржол вокзалын жаңарту бойынша кешенді жоба басталған. Мұндай ауқымды бағдарлама бұрын-соңды болған еместі.





# ЕЛОРДА – ЕРІКТІЛЕР ҚАЛАСЫ

Астанада 50-ге жуық еріктілер ұйымы мен қозғалысы жұмыс істейді. «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының жанынан жетінші жыл қатарынан Қалалық еріктілер штабы жұмыс істеп келеді. Қазіргі таңда оның құрамында 8 мыңнан астам ерікті бар. Штаб ондаған еріктілер ұйымымен, бастамашыл топтармен, үкіметтік емес ұйымдармен, кәсіпорындармен және меценаттармен ынтымақтастық орнатқан.

Асантемір
ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Былтырдан бастап еріктілермен бірлесіп BizBirgemiz, «Қауіпсіз қала», «Қамқорлық мекенжайлары», Taza Alem, Stop Vandal және басқа да жобалар аясында 1200-ден астам іс-шара өтті. Еріктілер мұқтаж жандарға азық-түлік пен ыстық ас таратып, қар күреу, экология акциялары мен профилактика іс-шараларына қатысты. Сондай-ақ тыйым салынған заттарды жарнамалайтын жазуларды өшіріп, қауіпсіздік мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізді.

– Жыл сайын «Астана жастарының» еріктілері 150-ге дейін қалалық және халықаралық іс-шараға қатысып, Қазақстанды еріктілік мәдениеті дамыған мемлекет ретінде таныстырып келеді. Елордада еріктілер қозғалысын дамыту мақсатында Еріктілердің ұлттық фронт-офисіне, Халықаралық еріктілер орталығына және 8 еріктілер ұйымына арнайы ғимараттар берілген. Орталық бүгінде Орталық Азия елдерімен, Әзербайжан және Түркиямен ынтымақтастық орнатып, алдағы уақытта өңірлік еріктілер хабына айналуы тиіс, – дейді Астана қаласы әкімдігіне қарасты «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының басшысы Шыңғыс Тілеулин.



Мамандардың айтуынша, Volunteer Fest 2025 сыйлығының қорытындысы бойынша 50 еріктілер ұйымы мен колледждердің 33 өкілі алғыс хатпен марапатталған. Сонымен қатар Астананың 4 ұйымы «Жыл еріктісі» ұлттық сыйлығының жеңімпазы атанған.

# ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ҚОЛДАНЫЛДЫ

Қосшы қаласы бағытындағы Tarlan Astana жүйесінің құрылысы аясында тұңғыш рет DF30/245 маркалы арнайы көпір орнатқыш техникасы іске қосылды. Бүгін оның көмегімен алғашқы темірбетон арқалық көтеріліп, орнатылды.

Бұл жабдық жұмыстың толық циклін атқарады: арқалықты көтереді, оны эстакада бойымен арнайы техникамен жылжытады және тіректерге орнықтырады. Мұндай технология Қазақстанда алғаш рет қолданылып отыр. Ол көлік қозғалысын шектеу қажеттілігін барынша азайтып, аралық құрылымдарды монтаждау жұмысын едәуір жеделдетуде.

Техника зияткерлік басқару жүйесімен және қашықтан басқару құрылғысымен жабдықталған. Бұл жұмыстың жоғары дәлдікпен және қауіпсіз атқарылуына мүмкіндік береді.

Құрылыс барысында ауыр темірбетон конструкцияларымен жұмыс істеуге арналған MGA сериясындағы екі арқалықты көпірлі кран-



Tarlan Astana жобасы үшін жүк көтергіштігі 245 тонна болатын көпір орнатқыш алдын ала кернелген темірбетон арқалықтарды монтаждау талаптарын ескере отырып арнайы жобаланып, дайындалған. дар да қолданылып жатыр. Мұндай мамандандырылған техниканы пайдалану сапа мен қауіпсіздіктің жоғары стандарттарын сақтауға мүмкіндік береді.

# ЛАСТАҒАНДАР АЙЫППҰЛ АРҚАЛАЙДЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Елдегі «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы және «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында елорданың Алматы ауданы әкімдігі полиция қызметкерлерімен бірлесіп, «Жерұйық» саябағында қоғамдық орындардың ластануының алдын алуға бағытталған рейд өткізді.

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ



Рейд барысында демалушыларға арнап тазалықты сақтау, қоршаған ортаға ұқыпты қарау және қоғамдық аумақтарды ластағаны үшін жауапкершілік туралы профилактикалық әңгіме өткізілді.

Жауапты демалыс мәдениетін насихаттауға ерекше көңіл бөлінеді. Іс-шараға қатысушыларға тұрмыстық қалдықтарды жинау, қоқыс жәшіктерін пайдалану және қоғамдық тәртіпті сақтау қажеттілігі туралы еске салынды.

Мұндай профилактикалық рейдтер тұрақты негізде жүргізіледі және тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, қоғамдық кеңістіктердің тазалығы мен абаттандырылуын қолдауға, сондай-ақ елорда тұрғындары үшін қолайлы қалалық орта құруға бағытталған.

«Біз аптасына 2-3 рет осындай рейдтер өткіземіз. Жаздың басынан бастап аудан аумағында 30-ға жуық хаттама жасалды», – дейді Алматы ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің бас маманы Алтынай Мұсаева.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

# ЖАСТАР НЕГЕ ҮЙЛЕНУГЕ АСЫҚПАЙДЫ?



Қазіргі таңда үйленуге асықпайтындарды жиі байқаймыз. Отау көтермеудің сырын сұрай қалсаңыз, түрлі уәж айтады. Бұл арада махаббаттан бастап әлеуметтік жағдайға дейінгі түйткілдер бар көрінеді. Расында да солай ма, зерделеп көрген едік.

Ұлттық статистика бюросының (ҰСБ) дерегінше, елімізде кейінгі 20-25 жылда болмаған ең төменгі некелесу көрсеткіші тіркелді. 2015 жылы елде 148,8 мың неке қиылса, 2025 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 116 мыңға дейін төмендеген. Яғни кейінгі 10 жылда неке саны 22%-ға қысқарды. Әр 1000 адамға шаққандағы некелесу коэффициенті 8,48-ден 5,69-ға дейін азайды. Бұл – уайымдатарлық проблема.

Астана қаласының тұрғыны, қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшесі Әлібек Әбдірашитұлы өзінің өмір тарихынан сыр шертіп, үйлену мәселесі, отбасы құндылығы туралы ой бөлісті.

– Жұбайым Сара екеуміз 60 жылдан бері отандасып келеміз. Ол Алматыдағы Қыздар педагогика институтында әпкеммен бірге оқыды. Мені сол таныстырды. Содан отбасын құрдық. Ыдыс-аяқ сылдырласа да, бір-бірімізді түсінуге тырыстық. Ұрпақ өсірдік. Немерелеріміз бар. Бұрынырақта ата-анамыз ерте жастан үйленуге үндейтін. Бүгінде үйленбейтін де жастар бар. Біз өмірде кешірімді болдық. Қазіргілер ақылды әлеуметтік желіден үйренеді. Ал біз үлкендерді тыңдап, сыйлайтынбыз. Отбасының іргесін шайқатпауға тырысатын едік. Қазір ұлттық құндылық, отбасының берекесі сақталмайтын болды. Жалпы, отбасы құндылығын барынша дәріптеу керек, – деді ақсақал.

ҰСБ дерегінше, елімізде жастардың отбасын құру жасы жыл санап қарқынды түрде ұлғайып барады. Сәйкесінше, 2014 жылдары орташа үйлену жасы ерлерде – 26, әйелдерде 24 болса, 2026 жылы орташа үйлену жасы ерлерде – 27,9, ал әйелдерде 25,3-ке жеткен. Жылына орташа есеппен 115-124 мың айналасында неке қиылады. Соның 3/1 ажырасады. Кейінгі 10 жылда некеге тұру 22%-ға қысқарған. Некеге тұрғандар қалада 68,1% болса, ауылда 31,9% тіркелген. Ең көп неке Астана қаласында тіркелген екен.

Оқу оқып, мансап қуу бүгінде сәнге айналған. Ол жағы жасырын емес. Бірақ демократиялы қоғамда өмір сүргендіктен ақыл айту да әбестік саналады.

Астана қаласының тұрғыны, PhD доктор Ербол Елбергенов өзіне 30 жасқа дейін, жағдайын жасамай үйленбеуге шарт қойыпты. Үйленбеуінің мәнін түсіндіріп берді.

– Біз Өзбекстаннан атамекенге қоныс аудардық. ЖОО оқыдық. Қосымша жұмыс істедік. Докторлықты 28 жасымда қорғадым. Шетелге барып тәжірибеден өтіп келдім. Үй, көлік алдым. Ғылыммен шұғылданып келемін. Қаржы жинадым. Әке-шешем де мені қатты уайымдады. Тіпті үйдегілермен тілдесу мүмкін болмай қалды. Бәрі «қашан үйленесің?» деген сұрақты қоя берді. Ақыры 30 жасымда үйлендім. Ол уақытта қатарластырым 2-3 балалы болып үлгерген-тұғын. Бүгінде 3 ұлым бар. Бірақ ертерек үйлене беру керек екен. Қазір 38 жасқа толдым. Ерте үйленгеннің артықшылығы отбасы тіршілігіне ерте бой үйретесіз, оның үстіне балалар өсіп, қолғабыс болып қалар еді. Жалпы, өмірлік жарың кездессе, 23-24 жаста-ақ үйленіп кету керек. Өйткені қасыңдағы жұбайың сенің қалай көтерілгеніңді бірге көреді, барды қадірлейді, – дейді ол.

БҰҰ дерегінше, Орталық Азиядағы Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстанда орташа үйлену жасы 22-24 жасты құрайды екен. Байқап қарасаңыз, бұл елдердің жастарының көбі Ресейге, Еуропа елдеріне, шетелге барып маусымдық жұмыстарды атқарып келеді. Дейтұрғанмен демография өсімі жоғары. Ал біздің елде үйлену жасы 28 жасқа тақады. Салыстырмалы түрде қарағанда, біздегі әлеуметтік жағдай көрші елдермен салыстырғанда жоғары екені анық.

Қазіргі қоғамда, оның ішінде Қазақстанда қыздардың тұрмысқа шығуға асықпауы немесе некесіз қалуы – әлеуметтік-экономикалық, психологиялық және демографиялық факторлардың өзгеруімен тікелей байланысты кешенді үрдіс. Негізінен, 30 жасқа дейін жігіттердің басым бөлігі үйленіп үлгереді екен.

– Қазіргі таңда қыз балалар тұрмыс құруды кейінге қалдырып жатады. Өз оқиғамды айтайын. Өзім Шығыс Қазақстанның тумасымын. Жас кезде ауылда тұрдық. Қалаға келген соң тұратын жер жоқ, қалтада ақша аз. Сондықтан ерте тұрмыс құрғым келмеді. Әйтпесе талай жігіттер жолықты. 20 жасымда Қызылорданың қазақи жігіті жолығып, тұрмыс құруға ұсыныс жасады. Соңымнан көп жүгірді. Бірақ мен, шынын айтқанда, оны менсінбедім. Мені жақсы көргені соншалық, жатақханамның алдына келіп өлең оқиды, дос қыздардан сыйлық, гүл беріп, хат та жазды. Содан ақыр болмаған соң, ол өзінің жерлесіне үйленіпті. Сөйтіп жүріп медицинаны 7 жыл оқып, 2 жыл резидентураны тағы оқыдым. Бір аурухананың бас терапевт дәрігері атандым. Қосымша дәрі-дәрмек кәсібін аштым. АҚШ, Түркияға барып біліктілікті жетілдірдім. Үй алдым, қымбат көлік міндім. Анам мені ойлап дүниеден өтті. Артымдағы 5 бауырыма жәрдемдесіп тұрдым. Сөйтіп жүргенде 36 жасқа келіппін. Ойласам, ойға алған мақсаттардың біразын еңсеріппін. Бірақ күйеуім, отбасым жоқ екен. Әйтеуір, бұрынғы әйелі қайтыс болған кісінің етегінен ұстадым. Ол кісі менен 10 жас үлкен. Дейтұрғанмен алғашқы 2-3 жылда баламыз болмады. Өзім дәрігер болсам да, мұның жолын таппай әбіржідім. Бір қызды ғана болдым. Күйеуіммен 6 жыл тұрдым, ол дүние салды. Өмірден түсінгенім, әр нәрсе өз уақытында екен, – деп пайымдайды ол.

**ҰСБ ДЕРЕГІНШЕ, ЕЛІМІЗДЕ ЖАСТАРДЫҢ ОТБАСЫН ҚҰРУ ЖАСЫ ЖЫЛ САНАП ҚАРҚЫНДЫ ТҮРДЕ ҰЛҒАЙЫП БАРАДЫ. СӘЙКЕСІНШЕ, 2014 ЖЫЛДАРЫ ОРТАША ҮЙЛЕНУ ЖАСЫ ЕРЛЕРДЕ – 26, ӘЙЕЛДЕРДЕ 24 БОЛСА, 2026 ЖЫЛЫ ОРТАША ҮЙЛЕНУ ЖАСЫ ЕРЛЕРДЕ – 27,9, АЛ ӘЙЕЛДЕРДЕ 25,3-КЕ ЖЕТКЕН**

Ресми деректерге сәйкес, елде 350 мың қыз тұрмыс құрмай, оң босағада отырғаны жасырын емес. Сөйтіп 35 жастан асқан бойдақ қыз-жігіт азаймай тұр. Бұл – ұлттық мүдде тұрғысынан ойланатын-ақ проблема. Некеге тұру, кеш үйлену, отбасын құруға асықпаудың бірнеше факторы бар екен.

Қазақстандық қоғамдық даму институтының сарапшысы, PhD доктор Сәуле Дюсупова отбасын құруға асықпаудың бірнеше факторын атады.

– Қазір құндылықтар өзгеріп жатыр. XX ғасырдың 70-80-жылдарына қарағанда қазір басқаша. Көбі бакалавр бітіріп, магистратура, докторантураға түсуді аңсайды, көздейді. Шетелге барып оқып келем деушілер көп. Қазіргі 2005 жылдан бері қарайғы жастар шаңырақ көтеруге асықпайды, – дейді демограф.

Ресми деректерге сүйенсек, бакалавриатта студенттердің жалпы санының 53,7%-ын әйелдер құрайды. Магистранттар арасында әйелдердің үлесі – 63,1%. Ал докторанттардың басым бөлігі, яғни 62,2%-ы – әйелдер.

Бұл бағытта әлеуметтанушы Серік Бейсембаев та құндылықтар өзгергенін байқап, ой-пайымын білдіріп жүр.

– Жоғары білім алған әйел ерлермен бірдей жұмыс істеп, табыс тапқысы келеді. Ол бұрынғыдай отбасы, ошақ қасында қалғысы келмейді. Бұл – дәстүрлі қоғамнан индустриалды қоғамға өтудің белгісі. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанда Орталық Азия елдеріне қарағанда көп өзгешелік бар, – дейді социолог.

Тоқетері, қазақ халқы «Үйлену оңай, үй болу қиын» дейді. Біздегі кеш үйлену немесе өмір бойы отбасын құрмау жиілеп барады. Әрине, әркімнің өз талғамы, жолы болар. Десе де, бұл ұлттың тамырына балта шабары анық. Өйткені отбасы құндылығы дәріптелмеген қоғам кері кетеді. Ал біздің елге қазақи отбасы институтын қайта орнату ауадай қажет болып тұр.

# ҚАПТАМАДАҒЫ СУ ҚАУІПСІЗ БЕ?

Жаз мезгілінде ағзаның суға деген қажеттілігі артады. Ыстық ауа райында көпшілік шөлді қандыру үшін қаптамадағы ауыз суды жиі тұтынады. Дегенмен кез келген бөтелкедегі су бірдей емес. Сондықтан денсаулығыңызды қорғау үшін қаптамадағы ауыз суды таңдау кезінде оның сапасы мен қауіпсіздігіне ерекше назар аудару қажет.

Райхан РАХМЕТОВА



Қаптамадағы ауыз суды сатып аларда нені ескеру қажет екенін Астана қаласы Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Мұхамғали Арыспаев айтып берді.

– Ең алдымен судың қандай мақсатқа арналғанын анықтап алған жөн. Қаптамадағы су ауыз су, табиғи минералды су және балалар тағамына арналған су болып бөлінеді. Күнделікті тұтынуға асханалық ауыз су немесе асханалық минералды су қолайлы. Ал емдік және емдік-асханалық минералды суды тек дәрігердің ұсынымымен пайдалану қажет. Суды сатып аларда бөтелкенің бүтіндігіне назар аударыңыз. Қаптамасы майыспаған, қақпағы мықтап жабылған, қорғаныш сақинасы бүлінбеген болуы тиіс. Сондай-ақ заттаңбасы тегіс жапсырылып, ондағы ақпарат анық әрі толық көрсетілуі қажет. Өндірілген күні, жарамдылық мерзімі, сақтау шарты, судың құрамы және шыққан көзі міндетті түрде жазылуы тиіс. Сапалы ауыз су мөлдір болады. Оның құрамында тұнба, үлпек немесе бөгде қоспалар болмауы керек. Егер судың түсі өзгерген немесе бөтелке ішінде бөгде бөлшектер байқалса, мұндай өнімді пайдаланудан бас тартқан дұрыс, – дейді маман.

Балалар тағамына арналған су ерекше талаптарға сәйкес өндіріледі. Оның минералдану деңгейі төмен болады. Сапасы қатаң бақылаудан өтеді. Сондай-ақ 1 жасқа дейінгі балаларға арналған жағдайда қайнатпай пайдалануға жарамды. Қаптамадағы суды дұрыс сақтау да маңызды. Оны +2°C пен +20°C аралығындағы температурада, күн сәулесі тікелей түспейтін, құрғақ әрі жақсы желдетілетін жерде сақтау ұсынылады. Пластик бөтелкелерді қыздыруға болмайды, себебі жоғары температураның әсерінен пластиктен суға зиянды заттар бөлінуі мүмкін. Бөтелке ашылғаннан кейін суды тоңазытқышта сақтап, 3-5 күн ішінде тұтынған жөн. Ал көлемі үлкен бөтелкелерді (19 литр) пайдаланатын кулерлер мен помпаларды арнайы бактерияға қарсы құралдармен жүйелі түрде жуып, залалсыздандыру қажет.

– Қазақстанда қаптамадағы ауыз судың сапасы мен қауіпсіздігі Еуразиялық экономикалық одақтың «Қаптамадағы ауыз судың, оның ішінде табиғи минералды судың қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентімен (ТР ЕАЭО 044/2017) және қолданыстағы санитариялық талаптармен реттеледі. ЕАЭО нарығында мұндай өнімді рұқсат құжаттарынсыз айналымға шығаруға жол берілмейді. Балалар тағамына арналған ауыз суға, емдік және емдік-асханалық минералды суға мемлекеттік тіркеу туралы куәлік рәсімделеді. Ал асханалық минералды суға, табиғи және өңделген ауыз суға сәйкестік туралы декларация ресімделеді. Бұл құжаттар өнімнің белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін растайды, – дейді ол.

Тұтынушыларға кеңес:

• суды тек сенімді сауда орындарынан сатып алыңыз;

• заттаңбадағы ақпаратпен міндетті түрде танысыңыз;

• жарамдылық мерзімі өткен немесе қаптамасы бүлінген өнімді сатып алмаңыз;

• бөтелкені тікелей күн сәулесінің астында сақтамаңыз;

• ашылған суды ұзақ уақыт сақтамай, ұсынылған мерзімде тұтыныңыз.

Сапалы ауыз суды дұрыс таңдау – өз денсаулығыңыздың қауіпсіздігін қорғаудың маңызды кепілі.

## ДҮЙСЕНБІ
### 24 ТАМЫЗ

**QAZAQSTAN**

5:30 Әнұран
5:35 «Көңіл толқыны»
6:05 «ФЕРИХА» телехикаясы.
7:00 «TAŃSHOLPAN»
9:00 «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР» телехикаясы.
10:10 «Сезім мен серт» телехикаясы.
12:10 «Қызық екен...»
13:10 «Ыстық ұя» телехикаясы.
14:15 «Тарих тамыршысы»
14:55 «Көңіл толқыны»
15:55 «Сен қасымда болмасаң...»
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» телехикаясы.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ӘУЛЕТ ҚҰПИЯСЫ» телехикаясы.
21:30 «Сен қасымда болмасаң...»
22:25 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:20 «1001 түн»
0:50 «Қазір айтайық»
1:45 «Ашық алаң»
2:50 «Қызық екен...»
3:35 Әнұран
3:40 «Тарих тамыршысы»
4:20 «Желідегі тұзақ» арнайы жобасы.
4:40 «Көңіл толқыны»

05:00 Қайрат Нұртастың жеке концерті
07:00 “Оян!”
09:00 “Cover show”
10:00 Телехикая “Үлкен үй”
13:00 “ОйнаIQ”
14:00 Мультсериал “Турбозавры”
15:30 Телехикая “Келінжан”
19:00 Новости
19:30 Жаңалықтар
20:00 Телехикая “Келінжан”
21:00 Кино “Брат или Брак”
23:00 Телехикая “Ар алдында”
23:50 Телесериал “Райское место”
00:45 “Өзгер”. Меняйся к лучшему!
01:20 Реалити-жоба “100 сарбаз”

**ASTANA TV**

06.30 «Ханзада Жумонг» телехикаясы
07.45 «Выбор матери» телесериал
09.00 «Үкім 3» телехикаясы
10.15 «Үздік әзілдер»
11.00 «С любовью, аферист» телехикаясы
12.00 Көркем фильм
14.00 «Зу-Зу Күлпаш» телехикаясы
15.10 «Заң аясында»
15.20 «Қолымнан ұста» телехикаясы
17.30 «Сарай жауһары» телехикаясы
19.00 «Astanatimes»
20.00 «Үкім 3» телехикаясы
21.00 «Жаралы жүрек» телехикаясы
22.50 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.50 «Сарай жауһары» телехикаясы
01.00 «Выбор матери» телесериал

6:00 «ОСОБЕННОЕ ЛЕТО»
7:00 «ХИРОМАНТ».
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
11:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
12:10 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ»
13:10 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
14:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:05 «KÖREMIZ-ШОУ»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 Многосерийный фильм
1:50 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
2:40 «РАБОТА НАД ОШИБКАМИ».
3:45 «KÖREMIZ-ШОУ»

**КТК**

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 “КТК ҚОРЖЫНЫ”
7:50 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”
7:55 “ЗАКИРА”, отандық телехикаясы
10:00 “МАРАШАНЕЦ”
12:10 “БЫЛО ДЕЛО”
14:20 “БАТЫР ИЗ ПРОШЛОГО”
16:30 “ПЕВИЦА”, мелодрама.
18:30 “РАМО”, турецкая драма.
20:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:30 “СИДЕЛКА”, мелодрама
23:40 “ОДНАЖДЫ В ЗАЛЕСЬЕ”, мелодрама
1:40 “ПЕВИЦА”, мелодрама (повтор)
3:10 “МАРАШАНЕЦ”
4:50 “ЗАКИРА”
6:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

**31**

06:00 «Әзіл студио»
07:00 «Шымкент шоу»
09:00 Мультсериал «Губка Боб»
10:30 «Пингвины Мадагаскара»
11:30 Мультсериал «Черепашки-ниндзя»
12:20 «Смурфики: Затерянная деревня»
14:20 «Валериан и город тысячи планет»
17:30 «Добро пожаловать в рай!»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Не дыши 2»
23:00 «Семь жизней»
01:40 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine»
03:00 «TikTok show»
04:20 «1001 Әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:00 «What's up?»
05:20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы

**7**

5:20 Әнұран
5:22 “Зың-зың Күлпәш”. Телехикая
6:00 Әзілің жарасса...
7:00 Телесериал.
8:20 “ЖЕТІМДЕР”. Телехикая.
10:00 НОВОСТИ
10:10 “ЖЕТІМДЕР”. Телехикая.
11:10 “МЫҢ РЕТ СҮЙДІМ”. Телехикая
13:00 “ЦИФРОВАЯ ГИГИЕНА”.
13:20 “Әзілің жарасса...”
13:40 “Батыр из прошлого”.
15:50 Телесериал.
18:30 Телесериал.
20:00 “ЖАР - ПТИЦЫ”. Телесериал.
22:00 “ДАЛЕКИЙ ГОРОД”. Телесериал.
23:00 “ИФФЕТ”. Телехикая.
0:10 “Мың рет сүйдім”. Телехикая
2:10 Телесериал.
3:00 Гүл-гүл шоу
3:50 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
4:20 Жарқыраған жұлдыз

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Телехикая «Достық 99» (каз.)
07.40 «Қызық Live» (каз.)
08.30 «INSTA LIKE» (каз.)
09.00 «ЩЕНЯЧИЙ ПАТРУЛЬ» (мультсериал)
10.00 «УЧЕНИК ТИГРА»
11.30 «ЛЕДИ БАГ И СУПЕР-КОТ»
13.30 «ЛЕМОНИ СНИКЕТ: 33 НЕСЧАСТЬЯ»
15.50 «МИССИЯ НЕВЫПОЛНИМА: ПРОТОКОЛ ФАНТОМ» (боевик, Том Круз, Джереми Реннер)
18.40 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
19.30 Сериал «S.W.A.T.: СПЕЦНАЗ ГОРОДА АНГЕЛОВ»
20.30 «ПОСЛЕДНИЙ НАЁМНИК»
22.30 Сериал «МОШЕННИКИ»
00.10 Сериал «ЧЁРНЫЙ ДВОР»
01.00 «ТАВОО» (каз.)
02.20 Реалити-шоу «Жаңа казахи» (каз.)
03.00 «Қызық Live» (каз.)
03.40 «Ұ- NIGHT SHOW» (каз.)
04.20 «INSTA TV» (каз.)
04.40 – 05.00 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

## СЕЙСЕНБІ
### 25 ТАМЫЗ

**QAZAQSTAN**

5:30 ӘНҰРАН
6:05 «ФЕРИХА» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
7:00 «TAŃSHOLPAN»
9:00 «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР»
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
12:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
13:10 «ЫСТЫҚ ҰЯ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
14:15 «АҚСАУЫТ»
14:35 «IT ЖЕТІСТІКТЕР: ЖАҢА БУЫН»
14:55 «БІРЕГЕЙ» ДЕРЕКТІ ФИЛЬМІ
15:55 «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...»
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
